



## Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Жанболат Сапашов: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

---

Құрметті Алматы телеарнасының көрермендері. Әуелі Аллаһ Тағалаға, Өзінің тәубешіл құлдарын және тазалықты сүйетін, Жаратқан Жаппар Иемізге сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын және де бізге сол тазалықты үйретіп кеткен Пайғамбарымызға ﷺ Алланың игілігі мен сәлемі болсын.

Жалпы, негізі, ислам діні тазалыққа негізделген ең таза діндердің бірі болып есептеледі. Себебі, Аллаһ Тағала Өзінің Қасиетті Кітабында:

**«Расында, Аллаһ Тағала тәубешіл және жаны тазалықты жақсы көретін, көбірек дәрет алатын құлдарын, пенделерін жақсы көреді»**

десе, басқа бір аятта, яғни алғаш түскен аяттарда Аллаһ Тағала тазалыққа мән берген. Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ:

**«Ей бүркенген жан, түр да үмметіңді дағуатта, насихатта. Үмметіне Меннен түскен мына аятты, уахиды жеткіз, Раббыңды ұлықта және киімінді таза ұста»,**

деп Аллаһ Тағала алғашқы түскен аяттарда да тазалыққа мән берген. Жалпы тазалық бірнеше түрге бөлінеді. Ең бірінші тазалық – жанның, рухтың тазалығы, яғни жүректің таза болуы. Пайғамбарымыз ﷺ:

---

**«Расында, адам денесінде бір кесек ет бар. Егер де сол ет бұзылса, адамның бүкіл денесі бұзылады. Ал енді сол ет жақсы болса, адамның барлық денесі жақсы болады. Ол жүрек емес пе? Жүрек мына жерде»,** деп жүрек тұсын көрсеткен.

Негізгі, бірінші тазалық – рухани тазалық. Одан кейін барып, материалды, яғни физикалық тазалықтарға өтетін болсақ, ол дене тазалығы. Денемізді таза ұстау. Бұл нәрсе бес уақыт құлшылығымызды орындайтын кезде алатын дәретіміз. Осы нәрсе, ислам дінінің дене тазалығына жіті мән бергенін дәлелдейді.

Одан кейін барып киімнің тазалығы. Намаз оқыған кезде біз киіміміздің тазалығына мән беруіміз керек. Жоғары аталған аятта Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ:

**«Киімінді таза ұста, Раббыңды ұлықта»,** деді.

Және одан бөлек, намазға тұрған кезде мекенімізді, сәжде жасайтын орнымызды да таза ұстауымыз қажет. Бұл да тазалықтың бір түріне жатады.

Мәне, тазалықтың осындай бірнеше түрі бар. Және одан бөлек, қоғам тазалығы, айналаны таза ұстау, үйді таза ұстау, қоршаған ортаны таза ұстау да дініміздің негізгі ұстанымдарының бірі болып есептеледі. Тазалық деген кезде, біз тазалықтың осы түрлерін түсінеміз.

Пайғамбарымыз ﷺ:

**«Тазалық – бұл иманның жартысы»,** деп өзінің хадис шарифтерінде айтқан.

Қараңыздар, пенденің Жәннәттық не Тозақтық болатынын шешетін, негізгі амал, нәрсе – иман мәселесі. Біз қанша жақсылық жасасақ та, қанша садақа берсек те, қанша құлшылық жасасақ та, намаз оқысақ та, тұңғыш түнімізде тахаджуд намазына тұрсақ та, мейлі қажылыққа барайық, қаншама қайырымдылық жасайық жүрегімізде иман болмаса бұл амалдарымыздың барлығы Алланың құзырында қабыл болмайды.

Міне, тазалық деген нәрсені Пайғамбарымыз ﷺ иманның жартысы деп отыр. Одан бөлек, Қасиетті шариғатымыз, астың да адалдығына, тазалығына қатты мән берген. Мысалы, Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда:

**«Ей, иман келтіргендер, Біз сендерге берген таза, адал астан ғана тұтыныңдар»,** дейді.

Міне, қасиетті шариғатымыз бүкіл ас болсын, киім бослын, дене болсын, тұратын жеріміз болсын, қоршаған ортамыз болсын барлық жердегі тазалыққа осылайша жіті мән берген.

---

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.